## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 784 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 437 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 1195 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1195 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын лауазымды адамдар бойынша кадр мәселелерін шешу тетігін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 784 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мемлекеттік саяси қызметшілері мен өзге де басшы лауазымды адамдары лауазымдарының тізбесінде:

мынадай:

"Мемлекеттік Үкімет агенттіктердің Әкімшілік

құпияларды қорғау төрағалары Басшысымен"

жөніндегі және қаржы

полициясы агенттіктері

төрағаларының

орынбасарлары*

деген жол алынып тасталсын;

мынадай:

"Премьер-Министр Үкімет Премьер-

Кеңсесі Басшысының Министр

орынбасарлары Кеңсесінің

Басшысы"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Кедендік бақылау және Үкімет агенттіктердің Әкімшілік

қаржы полициясы төрағалары Басшысымен";

агенттіктері

төрағаларының
орынбасарлары*

"Ескерту" деген бағандағы "Конкурстық рәсімдер арқылы" деген сөздер " Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кім тағайындайды" деген бағанда "Премьер-Министрдің штаттан тыс кеңесшілері" деген жолдағы "Үкімет" деген сөз "Премьер-Министр" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Лауазымы" деген бағанда: "Кеден, қылмыстық-атқару жүйесі; нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі; тіркеу қызметі; мемлекеттік мүлік және жекешелендіру; жол полициясы комитеттерінің төрағалары*" деген жолда:

"Кеден," және "; жол полициясы" деген сөздер алынып тасталсын;

"комитеттерінің" деген сөзден кейін "; құқық қорғау органдары комитеттерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"ІІМ орталық аппараты департаменттерінің бастықтары, ІІМ Академиясының бастығы" деген жолда:

"ІІМ Академиясының бастығы" деген сөздер алынып тасталсын;

"Кіммен келісіледі (ұсынылады)" деген бағандағы "Премьер- Министрдің орынбасарымен" деген сөздердің алдынан "Әкімшілік Басшысымен," деген сөздермен толықтырылсын;

"Лауазымы" деген бағандағы "Облыстар, Астана және Алматы қалалары ішкі істер басқармаларының бастықтары*" деген жол мынадай редакцияда жазылсын: "Облыстық, Астана, Алматы қалалары көліктегі ішкі істер басқармаларының (бас басқармаларының) бастықтары";

"Кіммен келісіледі (ұсынылады)" деген бағандағы "Премьер- Министрдің орынбасарымен" деген сөздердің алдынан "Президентпен немесе оның тапсырмасы бойынша Әкімшілік Басшысымен," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай:

"ІІМ орталық аппараты Ішкі істер Ішкі істер Премьер-
департаменттерінің министрі министрі Министрдің
бастықтары, ІІМ орынбасарымен,
Академиясының Премьер-
бастығы" Министр
Кеңсесінің
Басшысымен"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ІІМ Академиясының Ішкі істер Ішкі істер Премьер-
бастығы" министрі министрі Министрдің

орынбасарымен,
Премьер-
Министр
Кеңсесінің
Басшысымен";
мынадай:
"Көліктегі ішкі істер Ішкі істер Ішкі істер Премьер-
басқармаларының министрі министрі Министрдің
бастықтары" орынбасарымен,
Премьер-
Министр
Кеңсесінің
Басшысымен"
деген жол мынадай редакцияда жазылсын:
"Облыстар, Астана және Әділет Әділет Әкімшілік
Алматы қалаларының министрі министрі Басшысымен,
әділет басқармаларының Премьер-
бастықтары, облыстар, Министрдің
Астана қаласы, Алматы орынбасарымен,
қаласы мен Алматы Премьер-
облысы бойынша Министр
Қылмыстық-атқару Кеңсесінің
жүйесі комитеті Басшысымен
басқармаларының
бастықтары, Әділет
министрлігінің "Сот
сараптамасы орталығы"
мемлекеттік мекемесінің
директоры ";
мынадай:
"Облыстар, Астана және Мемлекеттік Мемлекеттік Премьер-
Алматы қалалары кеден кіріс кіріс министрі Министрдің
басқармаларының министрі орынбасарымен,
бастықтары" Премьер-
Министр
Кеңсесінің
Басшысымен"
деген жол мынадай редакцияда жазылсын:
"Облыстар, Астана және Кедендік Кедендік Әкімшілік

Алматы қалалары кеден бақылау бақылау Басшысымен,
басқармаларының агенттігінің агенттігінің Премьер-
бастықтары" төрағасы төрағасы Министрдің
орынбасарымен,
Премьер-
Министр
Кеңсесінің
Басшысымен";

"Лауазымы" деген бағанда "Облыстар, Астана және Алматы қалалары қаржы полициясы департаменттерінің бастықтары және көліктегі қаржы полициясы департаменттерінің бастықтары" деген жолда: ", Қаржы полициясы агенттігі орталық аппараты департаменттерінің бастықтары" деген сөздермен және " Кіммен келісіледі (ұсынылады)" деген бағандағы "Премьер-Министрдің орынбасарымен" деген сөздердің алдынан "Әкімшілік Басшысымен," деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мемлекеттік саяси қызметшілерін және өзге де басшы лауазымды адамдарды қызметке келісу, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер Премьер-Министр, Премьер-Министрдің орынбасары немесе Кеңсе Басшысы өзгеше шешпесе, мынадай лауазымдарға кандидатуралар Премьер-Министр Кеңсесінің қорғаныс және құқық тәртібі, заң, кадр жұмысы бөлімдерінде алдын ала зерделенуі тиіс:

Ішкі істер вице-министрлері, Ішкі әскерлер қолбасшысының орынбасарлары, Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, ІІМ орталық аппараты департаменттерінің бастықтары, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, көліктегі ҚІІБ (ІІБ) бастықтары, ІІМ Академиясының бастығы;

Әділет вице-министрлері, Әділет министрлігі комитеттерінің төрағалары, Әділет министрлігінің "Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің директоры, облыстар, Астана және Алматы қалалары әділет басқармаларының бастықтары, облыстар, Астана қаласы, Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармаларының бастықтары;

Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы, оның орынбасарлары, облыстар, Астана және Алматы қалалары кедендік басқармаларының бастықтары;

Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы және төрағаның орынбасарлары, облыстық, Астана және Алматы қалаларының қаржы полициясы

департаменттерінің және көліктегі қаржы полициясы департаменттерінің бастықтары, Қаржы полициясы агенттігінің орталық аппараты департаменттерінің бастықтары.

Зерделеу қорытындылары келісім беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды түрінде ресімделеді және Премьер-Министрдің орынбасары мен Кеңсе Басшысына беріледі. Қазақстан Республикасының Президентімен немесе оның уәкілеттік беруімен Президент Әкімшілігі Басшысымен келісім бойынша тағайындалатын кадрлар бойынша қорытындылар Президент Әкімшілігіне хатпен жіберіледі";

6-тармақта:

төртінші абзацтағы "материалдар қайтадан" деген сөздер "келісу парағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "Облыстар әкімдерінің орынбасарларын" деген сөздер " Облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің орынбасарларын, әкімдері аппараттарының басшыларын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК